

Сбербанк Астанадағы жаңа Mega Silk Way-де болашақтың офисін ашты

2017 жылғы 27 наурыз, Астана – Астанадағы Mega Silk Way-де ашылған Сбербанктің цифрлық офисінде қаржылық қызметтерді ұсынуда инновациялық тәсілдеме қолданылады.

Цифрлық офис – бұл банктік сервистерді жақсарту жағына қарай жасалған қадам.

«Барлығы клиент үшін – бұл Сбербанктің корпоративтік қағидаларының бірі, - дейді «Сбербанк» АҚ ЕБ Басқарма Төрағасының бөлшек бизнес жөніндегі орынбасары Алексей Акимов. Цифрлық офис консерваторлардан бастап заманауи гаджеттердің тәжірибелі пайдаланушыларына дейінгі әр алуан клиенттік топтардың сұраныстарына бейімделген».

Цифрлық форматтың жаңа бөлімшесі заманауи құрал-жабдық кешенімен жабдықталған:

VTM.IQ өзіне өзі қызмет көрсету терминалы - бейнеконференция бойынша клиенттерге банк менеджерінің кеңесін алу, төлемдік банктік картаны әп-сәтте шығару, картаның балансын тексеру, Сбербанк-онлайнды, СМС-банкингті қосу, кредит алу туралы өтінімді ресімдеу мүмкіндігін береді. VTM.IQ өзіне өзі қызмет көрсету терминалы көмегімен жеке тұлғаларға қызмет көрсетуге азырақ уақыт жұмсалады. Таяу арада өзіне өзі қызмет көрсету терминалының функциялары кеңейтілетін болады.

Сбербанктің VTM.IQ терминалының функционалы туралы таныстырымдылық роликті сілтеме [бойынша көрініздер](#).

Электронды кассир – кассалық терезені алмастыратын құрал-жабдық. Оның көмегімен кезек күтіп отырмай, барлық кассалық операцияларды жүзеге асыруға болады.

Бейне-банкинг – менеджердің бейне демеуі көмегімен банк операциялары бойынша кредиттерді, депозиттерді және кенестердің жүргізілуін ресімдеу тұрғысында клиенттерге қызмет көрсетудің қолайлы арнасы.

Икемді жұмыс орны - үйреншікті кеңесшіні алмастырады. Банк менеджері планшет көмегімен клиентке Сбербанктің digital-өнімдерін пайдалануды үйретеді. Әрі қарай клиент барлық қаржылық қызметтерді қашықтан пайдалана алады.

«Сбербанк» АҚ ЕБ халықаралық Сбербанк тобына кіреді. Банк Қазақстанның қаржы нарығында 10 жыл табысты жұмыс істеп келеді және активтерінің көлемі бойынша Қазақстандағы ЕДБ арасында 4-орынды алады. Бүгінгі таңда «Сбербанк» АҚ ЕБ-нің 83 құрылымдық бөлімшеден тұратын филиалдық желісі бар, оның 16-сы - филиал. Банктің Орталық офисі Алматы қаласында орналасқан.

Қосымша ақпаратты алу үшін Сіз әрдайым төмендегі қызметкерлерге хабарласа аласыз:

«Сбербанк» АҚ ЕБ
Екатерина Купреева
+7 (727) 266 35 68 (ішкі 502499)
Моб:+7 702 18 16 127
e-mail: yekaterina.kupreeva@sberbank.kz

Евгений Круглик
+7 (727) 266 35 68 (ішкі 501237)
Моб:+7 707 75 00 681
e-mail: yevgeniy.kruglik@sberbank.kz

www.sberbank.kz